

Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт

Қарағанды облысы

№19

2022-07-07

Басшысы атынан әрекет ететін бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қарағанды облысы білім басқармасының "№1 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жарғы негізінде әрекет ететін Тлегенова Айман Маратовна бір тараптан және Директор атынан әрекет ететін бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын "КазЕвроСтрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екінші тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін Мукаев Бахтияр Капанович, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және 2022-06-10 № 7518000-ОК1 Ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1 Ұғымдар мен айқындамалар

1.1 Осы Шартта төменде тізбеленген ұғымдар мынадай мағынаға ие:

1) Бас мердігер (бұдан әрі - Мердігер) - Тапсырыс берушімен жасалған Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер - Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) техникалық қадағалаушы - мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған тұлға;

4) объект - мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде салуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

5) учаске - Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақ;



б) уақытша құрылымдар - Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдар

2 Шарттың мәні

2.1 Мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті: ерекшелігі бойынша 067-015-421 "№1 арнайы мектеп-интернаты"КММ-сі күрделі жөндеуі;

**2.2 Жұмыстар - Қарағанды қ. Гүлдер- 1 ықшам ауданы 1/1 құрылысы мекен-жайында орналасқан Қарағанды облысы білім басқармасының №1арнайы мектеп интернаты КММ ғимаратын күрделі жөндеу Жобасы бойынша орындалады, онда бар.
Бас жобалаушы - ТОО "СуҚұрылысПроект".**

2.3 Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;**
- 2) лоттардың тізбесі және жұмыстарды орындау шарты (1-қосымша);**
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша);**

3 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшамен анықталады және 997 811 358.32 (тоғыз жүз тоқсан жеті миллион сегіз жүз он бір мың үш жүз елу сегіз тенге отыз екі тиын) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 106 908 359.82 тенге (жүз алты миллион тоғыз жүз сегіз мың үш жүз елу тоғыз тенге сексен екі тиын)

3.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт
067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен



ұйымдардың күрделі шығыстары бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 421 Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру қондырғыларын күрделі жөндеу ерекшелігі бойынша - 143 733 000.00 (жүз қырық үш миллион жеті жүз отыз үш мың тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2022 жылы тіркеуге жатады

067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 421 Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру қондырғыларын күрделі жөндеу ерекшелігі бойынша - 854 078 358.32 (сегіз жүз елу төрт миллион жетпіс сегіз мың үш жүз елу сегіз тенге отыз екі тиын) оның ішінде ҚҚС 2023 жылы тіркеуге жатады.

3.3 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде 5 (бес) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші Мердігердің іс жүзінде есепшотына ақшалай қаражатты аудару жолымен, бұдан бұрын төленген авансты 11 тепе-тең ұстап қалумен Тараптар Орындалған жұмыстардың актісіне қол қойған күннен бастап, күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей төлейді.

. Егер құрылысқа байланысты жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіні қазынашылық органға тапсырғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын төлейді.

Егер құрылысқа байланысты жұмыстарды орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші объектіні құрылысты аяқтаудың соңғы жылында пайдалануға қабылдау туралы актіні қазынашылық органға тапсырғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын төлейді.

3.4 Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.5 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) орындалған Жұмыстардың актісі;

3) Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есеп;



4) Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

3.6 Шарт бойынша жұмыстардың құнын төлеу Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдау актісін немесе шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерді орындау фактісін растайтын өзге құжатты, шот-фактураларды, ілеспе құжаттаманы және осы Шарттың талаптарында көзделген өзге де құжаттарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, толық көлемде және тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырылады. шарттың талаптарымен. Орындаушы осы Шартта көзделген бір немесе бірнеше құжатты ұсынбаған жағдайда, төлем соған мөлшерлес кейінге қалдырылады және ақы төлеу мерзімі толық көлемде және тиісті түрде ресімделген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

3.7 . Тапсырыс беруші барлық жұмыстар орындалғаннан, қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылғаннан, техникалық сүйемелдеуге қол қойылғаннан, аяқталмаған жөндеу жұмыстары мен ақаулар тізбесі жойылғаннан кейін мердігермен түпкілікті есеп айырысуды жүргізеді.

4 Тараптардың міндеттемелері.

4.1 Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 4 311 990.00 теңгеге тең осы қаржы жылы Шарттың сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және және 43 119 900.00 теңгеге тең Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәндері бойынша көзделген аванс мөлшерлерін, міндеттенеді, бұл жалпы алғанда мынадай:

Мердігердің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін ол Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа



қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Шарт бойынша жұмыстарды орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1107 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12767 болып тіркелген) Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалануға;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Мердігер тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға;

11) мердігер жұмыстарды орындау кезінде пайдаланатын коммуналдық қызметтерді (электр энергиясы, су) төлеуге Тапсырыс



беруші қойған шот-фактураға сәйкес төлеу қажет;

12) жасырын жұмыстардың сапасын бағалай отырып аралық актілер жасауға (шатыр астына негіздерді, шығып тұрған конструкцияларға жанасатын орындарды, шатырдың төменгі қабаттарын орнату, жылу-бу тосқауылы

13) Егер көрсету процесінде осы Шарттың талаптарынан ауытқуға жол берсе, жұмыс сапасын нашарлатқан екіжақты актіде Тараптармен келісілген мерзімдерде, бірақ тапсырыс берушінің тиісті талабын алған кезден бастап 10 күннен кешіктірмей, барлық анықталған кемшіліктерді Тапсырыс берушінің талабы бойынша өз күшімен және өз есебінен түзетуге міндетті

14) жұмыстарды орындау процесінде оның құқығы жоқ; Тапсырыс берушінің аумағындағы алқаағашты кесуге, сындыруға, бүлдіруге, бүлінген кезде залалды өтеуге міндетті;

15) Тапсырыс берушінің немесе оның персоналының кінәсі болған жағдайларды қоспағанда, жұмыстарды орындау процесінде жүзеге асырылады. - Жұмыскерлердің жарақат алуын болдырмайтын барлық қауіпсіздік шараларының орындалуын мердігер тексергеннен кейін ғана оларды тікелей өткізу орнында жұмыскерлерді жұмыс өндірісіне жіберуге;;

16) осы шарттың нысанасы болып табылатын сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасында белгіленген, ұсынылатын жұмыстарда жергілікті қамтудың ең төменгі мөлшері жөніндегі міндеттемені сақтауға міндетті

17) жұмыскерлерді/персоналды, материалдарды, жабдықтарды және құрылыс қоқыстарын жеткізу және әкету кезінде мердігер автокөлікті тексеруге беруге және Тапсырыс берушіге жұмыскерлерді/персоналдарды белгілеуге міндеттенеді. Орындаушының жұмыскерлерін/персоналын, материалдарын, жабдықтарын жұмыстарды орындау орнына дейін жеткізу Орындаушының есебінен орындалады;

18) шарт бойынша жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушіге міндетті түрде мынадай құжаттарды ұсынады: - жұмыскерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау саласында оқыту жүргізу құқығына лицензиясы бар мамандандырылған ұйымда оқудан және аттестаттаудан өтуі туралы; - қызметкерлердің тиісті біліктілігі туралы; - жұмыстарды орындауға тартылған қызметкерлердің тиісті нұсқамалардан өтуі туралы. - Тапсырыс берушінің персонал қызметіне ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 05-күніне дейінгі мерзімде жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер бойынша өзінің жұмыскерлері және қосалқы мердігердің жұмыскерлері туралы ақпарат ұсынуға міндетті. - Орындаушыдан Тапсырыс берушінің аумағында өндірістік тәртіптің қатаң сақталуын талап етуге. Қауіпсіздік техникасы қағидаларын бұзу, Тапсырыс берушінің аумағында алкогольдік



ішімдіктер мен есірткі құралдарын пайдалану, Орындаушы персоналының қоғамдық тәртіпті бұзуы фактілері болған кезде Тапсырыс берушінің кінәлі адамдарды жұмыстан шеттетуге және оларды орындаушыдан ауыстыруды талап етуге құқығы бар. Тапсырысшы және/немесе күзет ұйымының қызметкерлері Орындаушының жұмыскерін Тапсырыс берушінің аумағында алкогольден, есірткіден, психотроптық, уытқұмарлықтан масаң күйде ұстаған кезде Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір жағдай үшін ағымдағы қаржы жылына белгіленген 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді. Мердігер осы Шарт шеңберінде мердігердің Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелерді және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тексерулер жүргізу барысында уәкілетті мемлекеттік органдардың берген нұсқамаларын орындауға міндетті. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау шеңберінде мердігердің кінәсінен болған барлық экологиялық зардаптардың жойылуын қамтамасыз етеді. ҚР экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін Тапсырыс берушіге қойылған айыппұл мен залал сомасын Мердігер Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді

4.2 Мердігер:

- 1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;**
- 2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы;**

4.3 Тапсырыс беруші:

- 1) Жұмыстарды орындау үшін Мердігер мамандарының кіруін қамтамасыз етуге;**
- 2) орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Мердігерді хабардар етуге;**
- 3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 547-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;**



4) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Мердігер жазған шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

4.4 Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға жол беріледі.

5 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру

5.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысында орындалған жұмыстарды бақылауды және тексеруді жүргізуі мүмкін. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Мердігер тартады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін анықталған өзінің өкілдері туралы Мердігерді жазбаша түрде уақтылы хабардар етуі тиіс.

5.2 Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

5.3 Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап 5 күнге дейін ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір



қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.

5.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Мердігерді Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5.6 Кез келген уақытта Орындаушының Тапсырыс берушінің және Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі мәніне тиісті тексерулер (кешенді және ішінара) жүргізісін.

5.7 Тапсырыс беруші жұмысты немесе құрылымды тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе құрылым ақаулы болса, мердігер жұмыс ақауын түзетеді немесе құрылымды өз есебінен ауыстырады. Сондай-ақ, ақаулар туралы хабарлама алғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде ақауды жоюға міндетті

6 Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі

6.1 Жұмыс орындалды деп саналады Мердігердің Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

6.2 Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін



айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады;

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса - Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

7 Кепілдік. Сапа

7.1 Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың техникалық ерекшеліктерге және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама сәйкес болуына, Жұмыстар оның сапасын техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін Жұмыстар, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасының техникалық ерекшеліктерге және/немесе жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды береді.

7.2 Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 36 ай мерзіміне береді.

7.3 Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.



Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

8 Тараптардың жауапкершілігі

8.1 Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды есептемегенде, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты Мердігерге Шартпен қаралған мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге кешіктірілген әр күн үшін шарттың тиесілі сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімақы) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артпауы тиіс.

8.3 Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

8.4 Мердігер Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Мердігерден мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар. Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған)

Жұмыстардың құны үшін төлем жүргізеді.



8.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуосы Шартта көзделген міндеттерді орындаудан Тараптарды босатпайды.

8.6 Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

8.7 Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді

8.8 Қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда Мердігер осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынады. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерге берілуі мүмкін жұмыстардың шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстардың екіден бір көлемінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге беруге тыйым салынады.

Жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға жол берілмейді

8.9 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Мердігер өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы, сондай-ақ Заңның 26-бабына сәйкес Мердігер енгізген соманы (бар болса қайтармайды.

8.10 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда (бар болса) қамтамасыз ету сомасын Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Мердігер Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Мердігерге қайтарады.



9 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

9.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 жылға дейін қолданылады.

9.2 Мынадай оқиғалар өзінен кейін олардың ұлғаюы бөлігінде:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде Жұмыстарды орындауды кешіктіруге әкеп соғады.

2) Тапсырыс беруші Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға Мердігер нұсқау береді. Бұл ретте, егер бұл сынақтар ақауларды анықтамаса, онда Жұмыстарды өндіру тоқтатылған уақыт Жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады;

3) Тапсырыс беруші дәлелдеу техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттама әзірлеу жөніндегі жұмыстарға бастапқы деректермен жобалауға Тапсырма беруді кідіртеді;

9.3 Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер до 5 дней күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса;

3) Мердігер Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстар барысын кідіруге нұсқау берсе және осындай нұсқау до 5 дней күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

~~6) Мердігер жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық~~



құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтары мен ережелерін ескермейтін болса.

9.4 Шарт, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Шарт жоғарыда көрсетілген жағдаяттар себебінен жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзу күніндегі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9.5 Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Мердігерге Заңда көзделмеген жәрдемдерді көрсетсе;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін жұмыстар орындалған жағдайларды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шартты жасасудан жалтарса мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9.6 Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге береді

9.7 Егер Мердігердің Шарт талаптарын елеулі бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

10 Хабарлама

10.1 Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2 Күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

11 Форс-мажор



11.1 Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық жағдаяттар туындаған жағдайда, өзіне алған міндеттемелерді орындау үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, тарап форс-мажор басталғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл жағдаятқа сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2 Форс-мажор жағдаяттары кезінде екінші тараптың өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығынға ұшыраған тарап осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық дәлелдерді одан алуға құқығы бар.

11.3 Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

11.4 Егер форс-мажор жағдаяты Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмыстарды тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

12 Даулы мәселелерді шешу

12.1 Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

12.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Мердігер бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге

13.2 Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасқан нысанда жасалады.

13.3 Мердігердің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

13.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Тапсырыс беруші уәкілетті мемлекеттік органдардың Орындаушыны жалған кәсіпорын, банкрот, әрекетсіз деп тану фактісін анықтаған жағдайда немесе егер оның тіркелуі жарамсыз деп танылса не Тапсырыс берушіге оның тиісті құқықтық мәртебесіне және заңға бағынушылығына күмәндануға мүмкіндік беретін өзге де негіздер бойынша Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны жазбаша хабардар ете отырып (қолма-қол, пошта, байланыс және ақпарат), осы Шартты кез келген уақытта біржақты тәртіппен бұзуға факсимильдік байланыспен немесе электрондық пошта арқылы) Орындаушыға қандай да бір залалды кейіннен өтемей, осы Шартты бұзуға байланысты.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қарағанды облысы білім басқармасының
"№1 арнайы мектеп-интернаты"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қарагандинская область, г.Караганда,
МИКРОРАЙОН ГУЛЬДЕР-1, 1/1
БСН 950740000616
БСК ККМFKZ2A
ЖСК KZ85070102KSN3001000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 87212 255770
Басшысы Тлегенова Айман Маратовна

**Мердігер (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан
кезде қаражат алушы):**

"КазЕвроСтрой" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
Павлодарская область, г.Павлодар,
БУКАР ЖЫРАУ, 349, 4
БСН/ЖСН 050940013378
БСК ZAJSKZ22
ЖСК KZ11896KZT0322030973
«Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ
Тел.: 87058149823
Директор Мукаев Бахтияр Капанович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;



**БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты**



2022-07-07 15:43:18
Тлегенова Айман
Маратовна
Қарағанды облысы
білім басқармасының
"№1 арнайы мектеп-
интернаты"
коммуналдық
мемлекеттік
мекемесі

Коммунальное
государственное
учреждение
"Специальная школа-
интернат №1"
управления
образования
Карагандинской
области



2022-07-07 15:43:36
Мукаев Бахтияр
Капанович
"КазЕвроСтрой"
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Товарищество с
ограниченной
ответственностью
"КазЕвроСтрой"



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 7518000-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
067-015-421 : Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру қондырғыларын күрделі жөндеу								"№1 арнайы мектеп-интернаты"КММ-сі күрделі жөндеуі				
52651607-OK1	Қарағанды облысы білім басқармасының "№1 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Күрделі-қалпына келтіріп жөндеу (КҚЖ) бойынша жұмыстар	Күрделі-қайта қалпына келтіру жөндеу (КҚЖ) жұмыстары	Қарағанды облысы білім басқармасының «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ ғимаратын күрделі жөндеу, Гүлдер шағын ауданы, 1 корпус 1/1 жобалық-сметалық құжаттама бойынша	Жұмыс	1	997 811 358.32	шарт жасалған күннен бастап - желтоқсан 2023г.	шарт жасалған күннен бастап - желтоқсан 2023г.	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атын. ауданы Қарағанды қаласы, Гүлдер-1 шағын ауданы, 1/1 ғимарат (1)	30	143 733 000.00



52651607-OK1	Қарағанды облысы білім басқармасының «№1 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Күрделі-қалпына келтіріп жөндеу (КҚЖ) бойынша жұмыстар	Күрделі-қайта қалпына келтіру жөндеу (КҚЖ) жұмыстары	Қарағанды облысы білім басқармасының «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ ғимаратын күрделі жөндеу, Гүлдер шағын ауданы, 1 корпус 1/1 жобалық-сметалық құжаттама бойынша	Жұмыс	1	997 811 358.32	шарт жасалған күннен бастап - желтоқсан 2023г.	шарт жасалған күннен бастап - желтоқсан 2023г.	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атын. ауданы Қарағанды қаласы, Гүлдер-1 шағын ауданы, 1/1 ғимарат (1)	30	854 078 358.32
--------------	--	--	--	--	-------	---	----------------	--	--	--	----	----------------



Типовой договор о государственных закупках работ в сфере строительства

Карагандинская область

№19

2022-07-07

Коммунальное государственное учреждение "Специальная школа-интернат №1" управления образования Карагандинской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Тлегенова Айман Маратовна, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "КазЕвроСтрой", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Подрядчик», от лица которого выступает Директор Мукаев Бахтияр Капанович, действующий на основании Устав, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом Открытый конкурс от 2022-06-10 года № 7518000-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках работ (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Понятия и определения

1.1 В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

1) генеральный Подрядчик (далее - Подрядчик) - юридическое лицо, выступающее в качестве контрагента Заказчика в заключенном с ним договоре о государственных закупках, а также консорциум (в случаях, предусмотренных Правилами осуществления закупок);

2) субподрядчик - лицо или организация, имеющие договор и (или) соглашение с Подрядчиком на выполнение части работ по Договору на участке (объекте);

3) технадзор - лицо, назначенное Заказчиком и сообщенное Подрядчику осуществлять контроль по выполнению Подрядчиком подрядных работ в соответствии с условиями Договора;

4) объект - здание, сооружение, определенное организатором государственных закупок как подлежащее строительству, реконструкции и передаваемое Подрядчиком Заказчику в виде, предусмотренном Договором;

5) участок - территория, отведенная для строительства Объекта или



производства работ;

